

IRSTI: 17.01

DOI: <https://doi.org/10.47344/sdu20bulletin.v68i3.2>Gayhar Сағынғанова^{1*}¹SDU University, Қаскелең, Қазақстан*e-mail: sagynghanovagauhar@gmail.com**ҚАЗАҚ АҢЫЗ-ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ АРХЕТИПТІК ОБРАЗДАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ**

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ ертегілері мен аңыздарындағы архетиптік бейнелер мен сюжеттер зерттелді. Мақала әлем туралы мифологиялық идеялардың маңыздылығын және олардың қазақ танымындағы мәдени сюжеттер мен образдардың қалыптасуына әсерін көрсетеді. Өртүрлі зерттеушілердің жұмыстары, олардың қазақ әдебиетіндегі архетиптердің маңызы мен түсіндірілуіне қатысты тұжырымдары мен гипотезалар сараланды. Көрнекті ғалымдар Қасқабасов С., Қондыбай С., Игілікова С.И., Қамзабекұлы Д. қазақ әдебиетіндегі архетиптік сюжеттер мен образдарды зерттеулеріндегі жасаған тұжырымдар талданды. Жалпы, мақала архетиптік сюжеттер мен образдар призмасы арқылы қазақ халқының мәдени мұрасы мен әдеби шығармашылығын зерттеудің мақсат тұтады. Мақаланың қорытындысында қазақ халқының мәдени мұрасы мен әдеби шығармашылығының ерекшеліктерін түсіну үшін архетиптерді зерттеудің маңыздылығы туралы түйін жасалды.

Түйін сөздер: архетип, мыстан кемпір, жалмауыз кемпір, матриархат, миф, бәйтерек, әлем моделі.

Кіріспе

Адамзат әлемінде барлық материяның, кез-келген нәрсенің шығу тегі, өзіндік негізі бар екені белгілі. Әлемде әр заттың өз аты бар сияқты, алғашқы мағынаның да өз аты, ғылымда өз орны бар. Архетип сөзінің шығу тегі (грек тілінен arche-басы, tyro-бейне) бастапқы үлгі, түп бейне деген мағынаны білдіреді.

Архетип құнды, себебі ол сананың тарихи дамуын көрсетеді. Ол алғашқы бейнелерге жол ашады және мәдениет эволюциясының әр кезеңінде пайда болатын бейнелердің табиғатын зерттейді. Кескіннің дәйекті сипаттамасы оған қазіргі өркениеттің өрлеуінде көтерілгендердің санасында пайда болған ұғымдардың "кездейсоқ" емес екенін көрсетуге мүмкіндік береді.

К.Г. Юнгтің «Ұжымдық бейсаналықтың архетиптері» еңбегінде архетиптерді образға негізделген бейнелеу әрекетінің бейсаналық оянуының бірінші түрі ретінде қарастырады. Олар бұл түстерде, сандырақтарда, өнерде және әдебиетте көрінеді деген өз дәлелдерін алға тартты. Әдебиеттегі бұл құбылыс бір-біріне еш қатысы жоқ адамдардың мәдениетінде қайталанатын образдармен, сюжеттермен және рәміздермен түсіндіріледі. Швед ғалымдары бұларды жоғары (мистикалық) күштер, жыныстық қатынас, балалар мен ата-аналардың қарым-қатынасы, жеккөрушілік пен сүйіспеншілік, өмір мен өлім сияқты әмбебап жағдайлардағы барлық адамдарға тән реакциялар (мінез-құлық) деп санайды.

Архетиптер әдебиет тарихына енгеннен бастап, салт-дәстүр, миф және аңыз секілді әдебиетке дейінгі категориялар көркем шығармаларға әсер ететін әдеби антропологияның бір саласы ретінде зерттелді. Кейіннен «архетип» термині фундаментальді және жалпы адамзаттық мифологиялық мотивтерді, кез-келген көркем құрылымдардың негізін құрайтын бастапқы үлгілерді сипаттау үшін қолданыла бастады. Академик С. А. Қасқабасов белгілі биолог Эрнст Геккельдің биогенетикалық заңын талдай отырып, адамның жан дүниесі мен мінез-құлқындағы, сыртқы келбеттегі кейбір ерекшеліктер біздің ата-бабаларымыздың әр дәуірдегі бейнелерін көрсетеді деп тұжырымдайды [1, б. 127]. Бұл пікір, біздің ойымызша, қазақ әдебиетіндегі архетиптерді түсінуде маңызды. Өйткені архетип – адамзат психикасында оның тарихи даму жолының көрінісі. Академик Д. Қамзабекұлы кез келген халықтың ұзақ уақыт бойы жинақтаған рухани тәжірибесін бағалау үшін оның сөз өнері басты байлық болып

табылады деп есептейді [2, б. 68]. Осыған байланысты архетиптерді тек мифтерден ғана емес, ауызша шығармашылықтың барлық түрлерінен де табуға болады. Архетиптік бейнелер әсіресе прозалық шығармаларда анық көрініс табады.

Әдістер мен материалдар

Қазақ аңыздары мен ертегілерінде кездесетін архетиптік образдардың ішінде мыстан кемпір ерекше орын алады. Бұл кейіпкер матриархат дәуірінен қалған символикалық бейне ретінде, сәбиді түрлі қиыншылықтардан өткізетін жағымсыз тұлға болып көрініс табады. Көптеген ғалымдардың зерттеулері бұл пікірді растайды. Мыстанның шығу тегі жайлы сұраққа академик С.А. Қасқабасов «Казакская волшебная сказка» атты еңбегінде: «Мыстан ерте заманда матриархат кезеңінде айналасына билік жүргізген ақылды әйел бейнесінің өзгерген түрі [3, б. 163]» деп жауап береді. Ол сондай-ақ, «Ежелгі Мыстан бейнесі үлкен өзгерістерге ұшыраған» деп жазады. Белгілі ғалым С. Қондыбай: «Ертегілерде жалмауыз кемпір бәрін істей алады, оның қолынан келмейтіні жоқ: ауруларды емдейді, өлгендерді тірілтеді. Мысалы, көптеген ертегілерде жалмауыз кемпір ақсақ, соқыр, қолы жоқ кейіпкерлерді жұтып қойып, оларды сау түрінде қайтадан құсып тастайды («Кедейдің үш баласы», «Жеті басты жалмауыз кемпір», «Құланайжарқын», «Үш ағайын» т.б.), кейіпкерлерге ақыл, кеңес береді («Жүсіп мерген», «Екі жетім» т.б.)», – дей келе, – «Бұл салада көп еңбек сіңірген ағамыз С.Қасқабасов өз еңбегінде «Мыстан кемпір сол арғы тегі алып қарақұстың кейінгі атауы», – дейді. Шынымен де, «жұтқыш, адам жегіш» мыстан кемпір мен «жұтқыш» алып қарақұстың функциялары бірдей, яғни мыстан кемпір мен алып қарақұс бір ғана бастапқы мифтік образдың кейінгі ертегілік кейіпкері болып табылады [4, б. 351]», – деп жазады.

Әдебиеттану мыстанды мыс дәуірінде пайда болған, уақыт өте келе өзгеріске ұшыраған әйел бейнесі ретінде түсіндіреді. Анаеркі дәуіріндегі ақылгөй, дана әйел бейнесі патриархат дәуірінде әйелдің қоғамдағы орны өзгерген кезде жағымсыз кейіпкерге айналады. Оның ақылдылығы мен көрегендігі енді жағымсыз қасиет ретінде қабылданады. Мыстан айлакер зұлымға, барлық ақыл-ойын жамандыққа жұмсайтын жиіркенішті кейіпкерге айналады. Мыстан болатын жағдайды алдын ала болжап, басты кейіпкерді тұзаққа түсіру әдістерін алдын ала ойластырып қояды. Осы жоспар бойынша өз ниетін іске асырады [5].

Матриархат дәуірінде руды қария әйелдер басқарған. Жаңа туған нәрестеге ат қою, жетім қалған балаларды қамқорлыққа алу, сырттан келген адамдарды тайпаға қабылдау, тайпаның заңдарын қатаң сақтау, жастарды үйлендіру секілді міндеттер аналардың басшылығымен жүзеге асырылған. Қажет болғанда олар әскерді де басқарған. Бұл жағдай қарт аналарға табынушылықтың пайда болуына алып келген. Олар керемет күш иесі, барлығын істей алатын сиқыршы, рудың жауларын және жын-шайтанды жеңе алатын күшке ие деп саналған. Патриархаттың орнауымен бұл бейне өз маңызын жоғалтып, оның рөлі аталық руға ауысқан. Қарт ананың бейнесі тек мифтік аңыздарда қалған. Уақыт өте келе бұл бейне жағымсыз кейіпкерге айналған [6, б. 249] деген пікір ғылыми тұрғыдан негізделген.

Нәтижелер және оларды талдау

Ғалым Игілікова С.И. жалмауыз кемпір туралы зерттеулерінде осы пікірді растайды: «Ертегі мен жырлардағы жалмауыз кемпірдің ер баланы талап етуі – қауым ішінде кәмелеттік сынақтың қиындығын қорқынышты түрде бейнелеу үшін енгізілген. Жалмауыз кемпір осы қорқынышты бейнені атқарған. Алайда, ол жалмауыз болғанда да адамдарға қорқыныш сезімін тудырып, ер балалар өліп-тіріліп келеді» [7].

Қазақ фольклорында «Жалмауыз кемпір» мен «Мыстан кемпір» атауларын жеке қарастырған ғалым Е. Көкеев болды. Ол «Мыстан кемпірді» мыстан жасалған сауыт-сайманның бейнесі деп, ал «Жалмауыз кемпірді» уақыттың бейнесі деп сипаттайды [8]. Осылайша, екі кейіпкерді шатастыруға болмайтынын атап өтеді. З. Наурызбаева болса, «Мыстанды» ежелгі культ жрицасы және батырдың анасының көлеңкелі аспектісі ретінде

сипаттайды [9, б. 7]. Бұл тұжырымдар қазақ фольклорында кездесетін символизм мен мифологияның түрлі аспектілерін ашады, этностың мәдениеті мен наным-сенімдеріндегі олардың рөлін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Жалмауыз кемпір бейнесі туралы көптеген еңбектер бар. Ш. Уәлиханов жалмауыз кемпірдің адамды жеп қоя алатыны туралы жазған. М. Әуезов «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты зерттеу еңбегінде (1939-1940 жж. «Литературный критик» журналы) ежелгі грек мифтеріндегі циклоптарға ұқсас жеті басты тіршілік иесі ретінде сипаттайды. Ол бұл зұлым кемпірді орыс ертегілеріндегі Баба Ягаға ұқсатып, адамның бейімділіктеріне ие деп көрсетеді. Ә. Қоңыратбаев: «Қазақ қиял-ғажайып ертегілерінде адамға жамандық ойлайтын мифтік образдардың бірі – жалмауыз кемпір», [10, б. 173]– деп, бұл бейненің тарихи өзгерістерге ұшырағанын және пайда болу уақытын көрсетеді. Академик С. Қасқабасов жалмауыз кемпір образының өлгендердің әлемімен байланысын және оның ерекше белгілерін зерттеген.

Бәйтерек - ертегідегі бала көтерілетін ежелгі білімге сәйкес, жұмбақ қасиеттері бар алып ағаш. Халықтық білімдегі "әлемдік ағаш" мифологиялық архетипінің символдық мысалы-тамыры жер астында орналасқан, діңі адам әлемінің үйі болып табылатын жердің кіндігінде өсетін көктегі "әлемдік ағаш", ал басы-рухтардың үйі. Мифологияда "әлемдік ағаш" көбінесе шындықтың әртүрлі деңгейлерін байланыстыратын және өмірдің, өлімнің және қайта туылудың циклдік табиғатын бейнелейтін ғарыштық тәртіппен байланысты. Бұл символ ғаламның әртүрлі аспектілерін байланыстыратын ғарыштық осьті де көрсете алады.

Бұл архетиптің әмбебаптығы туралы әдебиеттанушылар арасында түрлі пікірлер бар. В.Н. Топоров және оның ізбасарлары әлем ағашын кіндік, орталық, әлемдік жолақ ретінде қарастырады. Олардың пікірінше, кез келген мәдениеттегі ағаш бейнесі («өмір ағашы» да) «Әлем ағашына» сілтеме жасайды. Бұл теорияға В.В. Напольских, Ю.Е. Березкин, И.М. Дьяконов сияқты ғалымдар қарсы шыққанымен, біз «Алтын сақа» ертегісіндегі «Бәйтерек» бейнесін әлем ағашының архетипіне жатқызамыз.

Мұндай ағаштар дәстүрлі қауымда мырзатерек, мықан ағашы, сетер тал, әулие ағаш деп әртүрлі аталған. Зерттеуші Е. Жанпейісов «қазақ этимологиясын айқындауда әйел затына қатысты бәйбіше мен осы бәйтерек сөзіндегі бай-бәй түрінің берер мағынасы бір» [11] деп көрсетеді. Ғалымның пікіріне сүйене отырып, «Бәйтерек» ежелгі түркі сөзі екенін, бәй «үлкен» деген мағынаны білдіретінін, «бай» сөзінің дыбыстық өзгеріске ұшыраған түрі (бәйшешек, бәйбіше) алғашқы деген ұғымды білдіретінін, ал терек (парсы тілінде – дарак) «ағаш» деген мағынаны білдіретінін түсінеміз [12, б. 413]. Демек, «бәйтерек» сөзі «зәулім ағаш» деген мағынаны береді. Бұл түсінік «Бәйтерек» сөзінің лингвистикалық және мәдени тұрғыдан маңызын ашып көрсетеді, қазақ мәдениеті мен тіліндегі орнына тереңірек үңілуге мүмкіндік береді.

Көптеген ежелгі заманнан бері халық мифологиясында бәйтерек туралы идеялар бар. Әр түрлі халықтардың мифологиясында сипатталғандай, әлем модельдерінің екі негізгі түрі бар: тік және көлденең құрылымдар. Бұл екі нұсқа да қазақ мифологиясында кездеседі. Көлденең модельдің мысалы-өлімнен құтылу үшін әлемнің төрт жағына саяхатқа шыққан Қорқыт туралы аңыз. Жол бойында ол айналасындағы барлық жерде жер қазып жатқанын көріп, ақыры Сырдария өзенінің жүрегіне жетті. Бұл аңызда Сырдария өзені жартылай көлденең және жартылай тік модель ретінде бейнеленген әлемнің орталығы ретінде ұсынылған.

Ежелгі мифологиялық білімге сәйкес, үлкен өзендер әлемнің көрінісі ретінде қарастырылады, мұнда өзеннің басы жоғарғы қабат, ортасы орта қабат, ал соңы төменгі қабат болып табылады. Сондықтан Қорқыт Сырдарияның жүрегіне келді. Ш. Уәлиханов бізде осындай үш қабат – жалпы ғалам туралы мифологиялық идеялар сақталғанын атап өтті.

Әлемнің түрлі халықтарының мифологиясында тамыры жерге терең бойлайтын, ал ұшар басы аспанға жететін бәйтерекке ұқсас үш қабатты әлем бейнесі жиі кездеседі. Бәйтерек пен дарак секілді ағаштар аспан, жер беті және жер асты әлемдерін тік бағытта байланыстыратын мифтік үш қабатты құрылым ретінде қарастырылады. Ғылыми тұрғыдан бұл құрылым "әлемдік ағаш" деп аталады. «Бүкіл ғаламның тағдыры осы ағашпен байланыстырылады. Ол –

төменгі, ортаңғы және жоғарғы қабаттарды бір-бірімен араластырмай ұстап тұратын тіреу, тұтас әлемді үйлесімде сақтауға қызмет етеді және осы үш қабаттағы тіршілік иелерінің тағдырларына әсер етеді [13, б. 214]».

Белгілі мифтанушы С. Қондыбай: «Ертегілер жинағының төртінші томында бәйтерекке қатысты тоғыз қайталанатын трафареттік сюжетті анықтадық. Сол сюжеттерге сүйене отырып, бәйтерек бейнесін жинақтап көрсетуге болады.

Біріншіден, бәйтерек ғаламның орталығы болып табылатын киелі жерде, киелі бұлақтың жанында орналасады. Ол үш дүниені байланыстырушы, ұшар басы – аспанда, тамыры – жерасты әлемінде. Екіншіден, бәйтеректің екі полюсінде алып қарақұс пен жылан-айдаһар орналасады, олар дуалистік қарама-қарсылықты бейнелейді. Үшіншіден, бәйтеректің түбінде белгілі бір мифтік – киелі процесс өтеді, бұл шамандыққа қатысты. Бұл жерге батыр келіп, жыланды өлтіріп, қарақұс балапандарын құтқарады, сол ерлігі үшін қарақұс батырды басқа дүниеге өткізеді. Осылайша, бәйтерек – ғаламдардың есігі болып табылады [4, б. 80]», – деп жазған. Автор бәйтеректі қарапайым орын емес, "ғаламдарға есік" деп санайды. Бұл бәйтеректің символдық мағынасын әртүрлі әлемдер немесе өлшемдер арасындағы өтпелі орын ретінде көрсетеді.

Сонымен қатар, қазақ мәдениетінде жеке тұрған ағашқа қол тигізбеу дәстүрі бар. Мұндай ағаштың бұтақтарына мата бөліктерін байлау ырым ретінде сақталған. Б. Ақбердиева: «Мұндай іс-әрекеттің астарында жақсылық пен жамандық, ақ пен қара, космос пен хаос қарама-қарсылықтарының шекарасын белгілеп, ажыратудың және ақиқат шындықты танудың сыры жатыр. Сондықтан да әлемдік ағашты ғалымдар таным ағашы деп те атайды» [14], – деп тұжырымдаған.

Қорытынды

Қазақ әдебиетінде кездесетін сюжеттер мен образдардың алуан түрлілігіне қарамастан, олардың негізі әртүрлі ұрпақ жазушыларының шығармаларында әртүрлі интерпретациялар мен бейнелерді бастан кешіретін әмбебап архетиптер болады.

Қазақ әдебиетіндегі архетиптік сюжеттер мен бейнелерді зерттеу қазақ халқының мәдени дәстүрлерін, құндылықтары мен бірегейлігін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Архетиптер әмбебап символдар бола отырып, адамның мәңгілік тақырыптары мен адам тәжірибесінің аспектілерін бейнелейтін сюжеттер мен бейнелерді қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Архетиптік тұжырымдамаларды зерттеу, батыс әдебиетінің көптен бері назарында, қазіргі қазақ әдебиетінде де өз орнын табады. Біздің авторлардың шығармаларында архетипті тереңірек түсінуді қажет ететін мифологиялық субтекст жиі кездеседі. Әдебиетпен байланыс көбінесе мифтік тақырыптар арқылы көрінеді, онда архетиптік мотивтер мен бейнелердің бастапқы мағынасы ашылады. Әдебиет әрқашан мифологиялық тамырлармен байланысты сақтайды, өйткені архетиптер мифологиямен тығыз байланысты. Осының арқасында біз осы тақырыптың қазіргі әдеби контекстегі маңыздылығын мойындаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қасқабасов С. Таңдамалы. – Астана: Фолиант, 2014. – Т. 2. – 344 б.
- 2 Қамзабекұлы Д., Омарұлы Б., Шәріп А. Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік: монография. – Алматы: АРНА-Б, 2013. – 189 б.
- 3 Қасқабасов С. Казахская волшебная сказка. – Алматы, 1972. – 258 с.
- 4 Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – Т. 9, кіт. 1. – 528 б.
- 5 Мыстан және жалмауыз // adebiportal.kz. 13.08.2021.
- 6 Қасқабасов С. Алтын жылға: зерттеулер мен мақалалар / құраст. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. – Алматы: Жібек жолы, 2013. – 520 б.

- 7 Игілікова С.И., Игілік М.И. Қазақ фольклорындағы жалмауыз кемпір бейнесі // ulagat.com. 28.08.2021.
- 8 Көкеев Е. Нар қобыз // <http://otuken.kz/>. 05.05.2021.
- 9 Наурызбаева З.Х. Мифоритуальные основания казахской культуры: автореф. кан. филос. наук: Шифр: 021400. – Алматы, 1995. – 22 с.
- 10 Қоңыратбай Т. Эпос және этнос: Қазақ эпосы және оның этникалық сипаты. Монография. – Алматы: Ғылым, 2000. – 268 б.
- 11 Бәйтерек мифофитонимі // <https://e-history.kz/kz/news/show/2035>. 19.04.2020 жыл.
- 12 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі: энциклопедия / ред. Н. Әлімбаев. – Алматы: DPS, 2011. – 738 б.
- 13 Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. – Алматы: Дайк Пресс, 2004. – Кіт. 3-ші. – 486 б.
- 14 Қанайбекова Э. Бәйтерек мифофитонимі // dasturkb.kz. 05.03.2021.

References

- 1 Kaskabasov S. Tandamaly. – Astana: Folio, 2014. – Т. 2. – 344 b.
- 2 Kamzabekuly D., Omaruly B., Sharip A. Ulttyk adebiet zhane dasturli mentaldik: monograph. – Almaty: ARNA-B, 2013. – 189 b.
- 3 Kaskabasov S. Kazakh fairy tale. – Almaty, 1972. – 258 p.
- 4 Kondybai S. Tolyk shygarmalar zhinaga. – Almaty: “Arys” bassasy, 2008. – Т. 9, kit. 1. – 528 b.
- 5 Mystan zhane zhalmauыз // adebiportal.kz. 08/13/2021.
- 6 Kaskabasov S. Altyn zhyлга: zertteuler men makalalar / kurast. M.O. Auezov atyndagy Adebiet zhane oner institutes. – Almaty: Zhibek Zholy, 2013. – 520 b.
- 7 Igilikova S.I., Igilik M.I. Kazakh folkloryndagy zhalmauыз camper beynesi // ulagat.com. 08/28/2021.
- 8 Kokeev E. Nar kobyз // <http://otuken.kz/>. 05.05.2021.
- 9 Nauryzbaeva Z.Kh. Mythological foundations of Kazakh culture: abstract. Candidate of Philosophical Sciences: Code: 021400. – Almaty, 1995. – 22 p.
- 10 Konyratbay T. Epos of the same ethnicity: Kazakh epics of the same ethnicity. Monograph. – Almaty: Gylm, 2000. – 268 b.
- 11 Baiterek mythophytonyms // <https://e-history.kz/kz/news/show/2035>. 04/19/2020 lived.
- 12 Kazakh ethnographic category, encyclopedia / ed. N. Alimbay. – Almaty: DPS, 2011. – 738 b.
- 13 Kondybai S. Argykazakh mythologies. – Almaty: Dyke Press, 2004. – Kit. 3-shi. – 486 b.
- 14 Kanaybekova E. Baiterek mythophytonyms // dasturkb.kz. 03/05/2021.

Gaukhar Sagynganova¹

¹SDU University, Kaskelen, Kazakhstan

*e-mail: sagynganovagauhar@gmail.com

STUDYING ARCHETYPAL IMAGES IN KAZAKH LEGENDS

Abstract. This article analyzes the study of archetypal images and plots in Kazakh fairy tales and legends. The article shows the importance of mythological ideas about the world and their influence on the formation of cultural subjects and images in Kazakh knowledge. The works of various researchers, their conclusions and hypotheses regarding the meaning and interpretation of archetypes in Kazakh literature are differentiated. Outstanding scientists Kaskabasov S., Kondybay S., Igilikova S.I., Kamzabekuly D. analyzed the conclusions drawn from the study of archetypal plots

and images in Kazakh literature. In general, the article is aimed at studying the cultural heritage and literary creativity of the Kazakh people through the prism of archetypal plots and images. The article concludes with a conclusion about the importance of studying archetypes to understand the characteristics of archetypes, cultural heritage and literary creativity of the Kazakh people.

Key words: archetype, old woman, matriarchy, myth, witch, model of the world.

Гайһар Сағынғанова¹

¹SDU University, Каскелен, Казахстан

*e-mail: sagynqanovagauhar@gmail.com

ИЗУЧЕНИЕ АРХЕТИПИЧЕСКИХ ОБРАЗОВ В КАЗАХСКИХ ЛЕГЕНДАХ

Аннотация. В данной статье анализируется исследование архетипических образов и сюжетов в казахских сказках и легендах. В статье показано значение мифологических представлений о мире и их влияние на формирование культурных сюжетов и образов в казахском знании. Дифференцированы работы различных исследователей, их выводы и гипотезы относительно значения и интерпретации архетипов в казахской литературе. Выдающиеся ученые Каскабасов С., Кондыбай С., Игиликова С.И., Камзабекулы Д. проанализированы выводы, сделанные при исследовании архетипических сюжетов и образов в казахской литературе. В целом статья направлена на изучение культурного наследия и литературного творчества казахского народа через призму архетипических сюжетов и образов. В заключении статьи сделан вывод о важности изучения архетипов для понимания особенностей архетипов, культурное наследие и литературное творчество казахского народа.

Ключевые слова: архетип, старуха, матриархат, миф, ведьма, модель мира.

Келін түсті 19 Тамыз 2024